

*Жеңіс жалпы білім беретін мектебі*



*«Даналық мектебі» клубының  
іс-шаралар жоспары*

*Жетекшісі: Қабылбекова П.*

*2023-2024 оқу жылы*

| №  | Іс-шараның атауы                                                                                                                                                                                  | Ұйымдастыру түрі                                                                                                  | Аяқталу нысаны                                                               | Жүзеге асырушы жауапты мамандар                                                                            | Мерзімі    |
|----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| 1. | « Әжелер сөзі-тәрбие көзі!<br>» « Әжелер мектебі »                                                                                                                                                | кездесу                                                                                                           | Хаттама, әлеуметтік желіге жариялау                                          | Қабылбекова П.Ә.<br>3-4 сынып жетекшілер                                                                   | 11.10.2024 |
| 2. | «Әкем айтқан нақыл сөз...»<br>« Әкелер мектебі »                                                                                                                                                  | Сыныпта н тыс іс-шара, дөңгелек үстел<br>8-сынып                                                                  | Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сцен ариі                                    | Қабылбекова П.Ә.<br>Саидов И., Омаров С.<br>Мазманов И.                                                    | 18.10.2023 |
| 3. | «Әкеге-ізет, анаға – құрмет»<br>(«Еңбегі адал жас өрен» жобасы)                                                                                                                                   | Ашық тәрбие сағаты<br>3-сыныптар<br>«Әкелер мектебі»,<br>«Аналар мектебі»                                         | Сынып сағатының жоспары                                                      | Қабылбекова П.<br>Ахметов А.<br>Мамутова Н.<br>Темирбекова А.                                              | 10.11.2023 |
| 4. | «Отбасылық дәстүрлер»<br>Отбасы құндылықтарын насихаттау, отбасы күніне арналған жарнамалық акциялар, түрлі іс-шаралар, әлеуметтік медиачелленджерді ұйымдастыру («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы) | Ата-аналар жиналысы<br>«Ашық есік» күні<br>1-4 сыныптар<br>5-9 сыныптар<br>Ардагерлер кеңесі<br>"Даналық мектебі" | Ата-аналар жиналысының хаттамасы, көрме фотоэкспозиция                       | Қабылбекова П.Ә<br>Исмаилова Ч.С.<br>Тельгозина А.У.<br>Сынып жетекшілер<br>Женсикбаева А.<br>Абдикулов Б. | 15.11.2023 |
| 5. | «Үнемі оқитын адам – табысты адам» («Балалар кітапханасы» жобасы)                                                                                                                                 | Ата-ана мен баласынан құралған жұптық сайыс<br>1-4сыныптар<br>"Әкелер мектебі",<br>"Аналар мектебі"               | Республикалық мәдени-ағартушылық жобасын ұйымдастыру және өткізу, марапаттау | Қабылбекова П.Ә<br>Сынып жетекші<br>Мамутова Д.<br>Умар Ю.                                                 | 08.12.2023 |
| 6. | «Ұлттық мектеп лигасы» жобасын іске асыру, білім алушылардың денсаулығы мен әл-ауқатын нығайтуда                                                                                                  | Ата-аналармен балаларынан құралған командалар<br>5-11 сыныптар                                                    | Хаттама, марапаттау                                                          | Қабылбекова П.Ә<br>Сынып жетекшілер<br>Дене шынықтыру мұғалімдері                                          | 07.12.2023 |

|     |                                                                                                       |                                                                                                       |                                               |                                                                  |            |
|-----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------|------------------------------------------------------------------|------------|
|     | білім ұйымдарымен<br>бірлесе спорттық ойындар<br>өткізу                                               | "Ағалар мен<br>жеңгелер мектебі"                                                                      |                                               |                                                                  |            |
| 7.  | «Қыз намысы – ұлт<br>намысы»<br>(«Ұлттық құндылықтар-<br>тәрбие бастауы» жобасы)                      | "Жеңгелер мектебі»,<br>«Әжелер алқасы»<br>"Қыздар клубы"<br>Сырласу кеші                              | Хаттама, бейнебаян,<br>сырласу кеші сценарийі | Қабылбекова П.Ә<br>Сынып жетекшілер<br>Шорбасова Г.              | 16.01.2024 |
| 8.  | «Әкеңнің төріне сенбе,<br>еткен еңбегіне сен»<br>(«Жеткіншектің жеті<br>жарғысы» жобасы)              | «Әкелер», "Ағалар"<br>клубы<br>Бейнематериал,<br>дөңелек үстел                                        | Хаттама                                       | Қабылбекова П.Ә<br>Сынып жетекші<br>Омаров С., Саидов И.         | 19.01.2024 |
| 9.  | «Ұмыт болған ұлттық<br>тағамдар»                                                                      | 5-8сыныптар<br>Байқау<br>«Жеңгелер мектебі»                                                           | Жоспар                                        | Қабылбекова П.Ә<br>Сынып жетекшілер                              | 12.03.2024 |
| 10. | «Әкелер күні»<br>халықаралық мерекесі<br>шеңберінде<br>«Менің әкем–жақсы адам»<br>(«Даналық мектебі») | «Әкелер» клубы,<br>Ардргерлер кеңесі<br>5-8сыныптар<br>Ата-аналар байқауы                             | Хаттама                                       | Қабылбекова П.Ә<br>Сынып жетекшілер<br>Умар Ю.<br>Қабылбекова П. | 17.04.2024 |
| 11. | «Отбасы FEST» фестивалі                                                                               | 1-11 сыныптар<br>Сыныптан тыс іс-<br>шара<br>Отбасылық фото,<br>суреттер көрмесі<br>«Даналық мектебі» | Сыныптан тыс іс-шараның<br>жоспары/сценарийі  | Қабылбекова П.Ә<br>Сынып жетекшілер<br>Умар Ю.                   | 14.05.2024 |

"Даналық мектебінің" жетекшісі:  Қабылбекова П.Ә.

## Жеңіс жалпы білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылында ата-аналар қоғамымен атқарылған жұмыс туралы есеп

Жеңіс жалпы білім беретін мектебінде жалпы мектеп ата-аналарының жиналысы өткізілді. Жиналыста мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі А.У Тельгозина "Мектеп пен ата-аналар арасындағы өзара әрекеттестігі" тақырыбында баяндама оқыды. Мектеп директоры Е.Т.Панзабеков ата-аналармен сұхбаттасып, туындаған мәселелер бойынша пікір алмасты. Ата-аналар комитетінің төрағасы Ж.Байрамов оқушылар арасындағы құқық бұзушылық туралы ой қозғап, ата-аналарды балаларын қадағалауға шақырды.

Жеңіс жалпы білім беретін мектебінде ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының ұйымдастыруымен 10-11 сынып жетекшілері "Күйзелістен шығар жол" тақырыбында ата-аналарға арналған сабақ өткізді.



Төлеби аудандық білім бөліміне қарасты Жеңіс жалпы білім беретін мектебінде «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» жоспарына сәйкес «Әкелер мектебінің» және «Ұлдар клубының» ұйымдастыруымен «Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесу барысында әкелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мектеп психологы О.Мамадалиева әкелерге тренинг өткізіп, «Сіз балаңызды жақсы білесіз бе?» тақырыбында сауалнама алды.



Төлеби ауданы "Жеңіс" жалпы білім беретін мектебінде "Біртұтас тәрбие бағдарламасының" жоспарына сәйкес ата-аналардың баланың өзін-өзі көрсетуіне дайындығын дамыту мақсатында кезекті «Сен жанбасаң лапылдап» тақырыбында 10 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған сабақ өткізілді.



Төлеби ауданы "Жеңіс" жалпы білім беретін мектебінде "Біртұтас тәрбие бағдарламасының" жоспарына сәйкес ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту, жасына байланысты дағдарыс кезеңінде жасөспіріммен үйлесімді қарым-қатынас орнату, қабілетін дамыту мақсатында кезекті «Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер. Өз балаңыздың кілтін қалай табуға болады» тақырыбында 5-9 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған сабақ өткізілді.



"Біртұтас тәрбие бағдарламасының" жоспарына сәйкес мектепте "Ұлттық мектеп лигасы" жобасын іске асыру мақсатында ата-аналар мен балаларынан құрылған командалар арасында "Менің спорттық отбасым" сайысы өткізілді. Мақсаты: спорттық сайыс жарысын ұйымдастыру арқылы ата - аналарды мектеп өміріне араластыру, балалардың салауатты өмір сүруге қызығушылығын арттыру, жас ұрпаққа және ата - аналарға денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүруге қажеттілігін, бағалы байлық екенін түсіндіру, отбасының үндестікті және балалардың икемділігін, шапшаңдылығын дамыту.



Жеңіс жалпы білім беретін мектебінде 30 қараша күні 11 сынып оқушыларының қараша айында ҰБТ-ға дайындық мақсатында алынған тест қорытындысын пән мұғалімдерімен, ата -аналарына таныстырылды. Ата-аналарға 2024 жылғы ҰБТ форматындағы өзгерістерді таныстырды. Алдағы уақытта жоспарға сай дайындық жұмыстары жүргізілетіндігі айтылды.




Төлеби ауданы "Жеңіс" жалпы білім беретін мектебінде "Біртұтас тәрбие бағдарламасының" жоспарына сәйкес ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету мақсатында "Ашық есік" күні өткізілді. Бұл күні ата-аналар мектепке келіп, мектеп өмірімен танысып, балаларының сабақтарына қатысып, мамандардан кеңестер алып, кері байланыс жасады.



Түркістан облысы Төлеби ауданы білім бөліміне қарасты Жеңіс жалпы орта мектебінің "Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының" ұйымдастыруымен "Тәрбиенің ең тамаша мектебі отбасы!" тақырыбында форум өткізілді. Форумға қатысқан ата-аналарға "Әжелер сөзі - тәрбие көзі!", психологиялық сабақ, "Әке отбасы қорғаны", Отбасындағы ананың ролі", "Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың негізгі себептері", "Мамандықты таңдау - келешекті таңдау" тақырыптарында кездесу, дөңгелек үстел, тренинг, дискуссия өтті.

Форумның басты мақсаты: ата-аналарға балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектеппен қарым-қатынасын күшейту, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда орта білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту, балалардың әлауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру.



Жеңіс жалпы білім беретін мектебінде 12.10.2023ж 6"А" сыныбында сынып жетекшісі: К.Н Абылаева ата-аналар жиналысын өтті. Жиналыс тақырыбы: "Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі және мектеппен байланысы"

Жиналыс жаңа форматта ұйымдастырылды. Алдын-ала оқушыларға хат жаздырып алынды. Жиналыста хаттар тақтаға ілініп, ата-ана өз перзентінің хатын тауып, оқып, кері байланыс жасауы қажет. Ондағы мақсат: оқушылар сыртқа айта алмай жүрген мәселе ойларын хат арқылы жеткізеді. Қандай жағдай болмасын ата-ананың қадағалауында болып, алдын-ала мамандар жұмыс жасап отыру. Сонымен қатар, баланың өмірде дұрыс жол таңдауына ата-ана, ұстаздар болып бағыт бағдар беру.

Болашағы жарқын, саналы азамат тәрбиелеу!

